

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Жоғары әскери теңіз училищесі" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы N 314 Қаулысы. Күші жойылды - Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы N 1261 қбпү Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.08 N 1261 қбпү (жариялануға жатпайды) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің теңіз бөлімдерін жинақтау үшін мамандар даярлау, сондай-ақ теңіз кемелерінде, ішкі жүзу кемелері мен аралас (өзен-теңіз) жүзу кемелерінде жұмыс істеу үшін сабақтас мамандықтар бойынша оқыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Жоғары әскери теңіз училищесі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Әскери теңіз училищесі) құрылсын

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.26 № 580 Қаулысымен.**

3. Маңғыстау облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен екі апталық мерзімде :

таратылатын N 2 Ақтау кәсіптік мектебінің ғимараттарын, құрылыстарын және объектілерін жедел басқару құқығында Әскери теңіз училищесіне берсін;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, таратылатын N 2 Ақтау кәсіптік мектебінің оқушыларын одан әрі оқу үшін басқа оқу орындарына бөлуді және ауыстыруды жүргізсін.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) бір айлық мерзімде Әскери теңіз училищесі туралы ережені әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын;

2) Әскери теңіз училищесінің құрылымын бекітсін;

3) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, оқыту бағдарламасының оқу жоспарларын әзірлесін және бекітсін;

4) әскери теңіз училищесін оқу қару-жарағымен, техникамен және өзге де әскери-техникалық мүлікпен қамтамасыз етсін;

5) бір айлық мерзімде Әскери теңіз училищесін жайластыруға (объектілерінің құрылысын салуға), жабдықтауға, жарақтандыруға және ұстауға арналған

шығыстар сметасын дайындасын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын;

6) Әскери теңіз училищесінде оқу процесін 2001 оқу жылынан бастап ұйымдастырсын;

7) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Әскери-теңіз училищесінің ауыспалы құрамы санының лимиті 180 бірлік мөлшерінде бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Әскери теңіз училищесіне білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия берсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен 1 бірлік мөлшерінде 105 жобасындағы катерді және 1 бірлік мөлшерінде 201 УТС жобасындағы "Жамбыл" кемесін Әскери теңіз училищесіне берсін.

8. Әскери теңіз училищесін қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұстауға көзделген қаражат есебінен және шегінде жүргізілсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі